# Туған топырағына тартқан тұлға

**Халықтың тарихи жады ең бір қимас ұл-қызын ешқашан санасынан өшірмейді екен. Тіпті есімдерін ауызға алуға, тілдің үстіне салуға тыйым болса да ол әлдебір аңыз-әфсанаға, жырға айналып, немесе ертегідей ауыздан-ауызға хатқа түспестен-ақ тарай береді.**




**Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,**
**«Егемен Қазақстан»**

Кейкі батыр есімі Торғай табанының жұртында осылай өшпей келді. Ол – батырлықтың, мәрттіктің, қайсарлық пен жүрекжұтқан көзсіз ерліктің үлгісі болатын. Кейкіден басталып, Амангелді, Шолақтың Оспанымен өріліп, Доғал, Татыр шайқастары, Ақшығанақта болған ұрысты айта келіп, Әбдіғапар мен Ахан-Жахандардың сыйлас болғаны, Амангелді сардар мен Төкенің тарихындағы елеулі оқиғаның ізімен жүріп өтпекші болған. Ақмола, Қарағанды, Қостанай облыстарының аумағында 2 жарым мың шақырымды артқа тастап, тағылым мен өрлікке толы бабалар ізін жаңғыртқан экспедиция жұмысы өте бір мазмұнды да, мағыналы болғанын айтқан жөн. Әрбір басталған игілікті істің соңғы нүктесінің де қойылатыны аян.

Астанадағы «Marriott» қонақ үйінде «Torgay expedition» тобының «Өр Торғай – ерлік мекені» салса, тарих ғылымдарының кандидаты Құрманғали Дәркенов архив деректеріне сүйене отыра біраз мағлұматтарды алға тартты. Мәселен, Торғайдағы көтеріліске қатысты 8000 дерек барлығын, соның 2000 құжаты тек Амангелді батырға қатыстылығын айтты.

«Мен істедім дегенше, ел істеді десейші» дегендей осы жұмысқа қолдау көрсетіп, уақытпен санаспай, аянбаған Нұрдәулет Әкімжанов, Нұрлан Сапаров, Мирас Тәжитдинов, Сәбит Шакаев, Абылай Медеубаев, Біржан Мешелов, Абылай Мауданов, Мирдос Әлімжановқа және тарихтың тамыршыларындай –Шөптібай Бәйділдин, Құлсейіт Туғанбай, Құрманғали Дәркеновтерге алғыстарын айтты.

2 жарым мың шақырым бойында өрелі іс атқарып, Әбдіғапар хан мерт болған Зәуре қопасы мен Кейкі туған Байтұма қонысына ескерткіш қойылған. Осы жерде «Адам туған топыраққа тартып туады» деген рас шығар, Байтұмада ескерткіш белгі қою оңайға соқпапты. Кейкі туған топыраққа қазық қағайын десе күрек батпай, білектей бұрғы да сыныпты. «Ол сірә тағдыры да, қайсарлығы да, кектілігі мен тектілігі де осы топыраққа тартып туғаннан болар», дейді кітап авторы Абылай Мауданов.

Шара барысында экспеди-